

Ақмола облысы Ерейментау ауданының Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің Новокаменка ауылын қайта атау туралы

Ақмола облысы әкімдігінің 2018 жылғы 14 маусымдағы № А-6/264 қаулысы және Ақмола облыстық мәслихатының 2018 жылғы 14 маусымдағы № 6С-21-10 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 шілдеде № 6709 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Ақмола облыстық ономастика комиссиясының 2017 жылғы 24 қазандағы қорытындысының, "Тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Ақмола облысының әкімдігінің және Ақмола облыстық мәслихатының қарауына Ерейментау ауданы Олжабай батыр атындағы ауылдық округтің Новокаменка ауылының атауын Ынтымақ ауылына өзгерту туралы ұсыныс енгізу туралы" Ерейментау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № а-12/425 қаулысы мен Ерейментау аудандық мәслихатының 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № 6С-17/6-17 шешімінің негізінде, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Ақмола облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Ақмола облысы Ерейментау ауданының Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің Новокаменка ауылы Ақмола облысы Ерейментау ауданының Олжабай батыр атындағы ауылдық округінің Ынтымақ ауылы деп қайта аталсын.

2. Осы Ақмола облысы әкімдігінің қаулысы мен Ақмола облыстық мәслихатының шешімі Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысының әкімі
Ақмола облыстық
мәслихаты сессиясының
төрағасы
Ақмола облыстық
мәслихатының хатшысы

М.Мырзалин
Қ.Сұлтанов
Д.Нұрмолдин